

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 мамырдағы N 812 және 2000 жылғы 21 қазандағы N 1577 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1370 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 992 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 992 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) **к ү ш і ж о й ы л д ы**

2) "Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қазандағы N 1577 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 510-қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын беру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тасмағамбетов - Қазақстан Республикасының
Иманғали Нұрғалиұлы Мемлекеттік хатшысы, төраға
(келісім бойынша)

Қасейінов - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Дүйсен Қорабайұлы министрі, төрағаның орынбасары

Абдрахманов - Қазақстан Республикасының Ақпарат
Сауытбек министрі

Аманшаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ермек Әмірханұлы вице-министрі

Күзембаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Валерий Әлбекұлы министрлігі Өнер және халықаралық
байланыстар департаментінің

директоры, хатшы

Құлекеев - Қазақстан Республикасының Білім
Жақсыбек Әбдірахметұлы және ғылым министрі

Терещенко - Қазақстан халықтары ассамблеясы
Сергей Александрович төрағасының орынбасары (келісім
бойынша)

Әуезов - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Мұрат Мұхтарұлы кітапханасының бас директоры;

м ы н а :

"Әбдіков Төлен - Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің Қоғамдық-саяси
бөлімі меңгерушісінің орынбасары
(келісім бойынша)"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Әбдіков Төлен - Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігі Ішкі
саясат бөлімінің бас сарапшысы
(келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан: Тоқаев Қасымжомарт Кемелұлы, Беркімбаева Шәмша
Көпбайқызы, Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы, Тілеухан Бекболат Қанайұлы,
Асқаров Әлібек Асылбайұлы, Бердіғалиева Роза Аманғалиқызы, Атрушкевич
Павел Александрович шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мәдени және гуманитарлық салалардағы
қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы
Президентінің Құрмет дипломымен марапаттауға байланысты мәселелерді қарау
ж ө н і н д е г і е р е ж е д е :

6 және 8-тармақтардағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігі" деген сөздер "Мәдениет министрлігі" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н .

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.04. 266 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі